

## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің  
2015 ж. 27 ақпандағы №143 бұйрығымен  
бекітілген форматқа сәйкес жария мүдделі ұйымдардың  
жариялауы үшін (қаржы ұйымдарынан басқа)  
2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
жылдық шоғырландырылған қаржылық  
есептілігінің нысандары

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### МАЗМҰНЫ

---

	Бет
2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	1
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ	2-4
2016 Ж . 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫ	
Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс (№1 Нысан)	5-6
Пайдалар мен залалдар туралы шоғырландырылған есеп (№2 Нысан)	7
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (№3 Нысан)	8-9
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп (№4 Нысан)	10-13
Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарына түсіндірме жазба	14-44

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») басшылығы Компанияның және еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп «Топ» деп аталады) 2016 ж. 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күні аяқталған жыл іші қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысы мен капиталдағы жылдық өзгерісін шынайы көрсететін жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарын Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 ж. 27 ақпандағы №143 бұйрығымен (бұдан әрі - «№ 143 Бұйрық») бекітілген жария мүдделі ұйымдардың жариялауы үшін жылдық қаржылық есептілік нысандарының форматына сәйкес дайындауға жауапты.

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарын дайындау кезінде басшылық:

- есеп саясатының қағидаларын дұрыс таңдауды және оларды қолдануды қамтамасыз етуге;
- ақпараттардың, оның ішінде есеп саясаты туралы ақпараттың орынды, дұрыс, салыстырмалы және түсінікті түрде ұсынылуын қамтамасыз ететін нысанда ұсынуға;
- ХҚЕС талаптарын орындау Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайына және оның қызметінің шоғырландырылған нәтижелеріне өзге де мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар мен жағдайлардың әсерін пайдаланушылардың түсінуі үшін жеткіліксіз болып табылған жағдайда қосымша ақпараттарды ашуға;
- №143 бұйрықпен бекітілген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарының форматын сақтауға, сонымен қатар дайындалуына негіз болған ХҚЕС сәйкес дайындалған, аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келуін қамтамасыз етуге; және
- Топтың көз жетерлік келешекте қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Топ басшылығы сондай-ақ:

- Топтың барлық кәсіпорындарында тиімді әрі сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізуге, сонымен қатар кез келген күндегі жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы нақты ақпаратты ұсынуға және шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарының №143 Бұйрықпен бекітілген шоғырландырылған қаржылық есептілігі форматына сәйкес келуін, сондай-ақ дайындалуына негіз болған ХҚЕС сәйкес дайындалған, аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келуін қамтамасыз етуге;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС-ке сәйкес жүргізуге;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық тиісті шараларды қабылдауға; және
- қаржылық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтауға және болдырмауға жауапты.

Топтың 2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарын Топ басшылығы 2017 ж. 17 ақпанда мақұлдап, шығару үшін бекітті.

Топ басшылығының атынан:

«Жолаушылар тасымалы»  
АҚ Басқарма төрағасы  
(Президент)  
Н.И. Қилыбай

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан

«Жолаушылар тасымалы»  
АҚ Экономика және қаржы  
жөніндегі  
вице-президенттің м.а.  
Ш.Х. Нұрбаева

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан

«Жолаушылар тасымалы»  
АҚ Бас бухгалтердің м.а.  
Ғ.К. Касенова

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның Директорлар кеңесіне және Акционеріне:

### Пікір

Біз №1, №2, №3, №4 нысандарды, сонымен қатар жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарына түсіндірме жазбаны және есеп саясатының негізгі ережелерінің қысқаша шолуын қамтитын «Жолаушылар тасымалы» АҚ мен оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі – «Топ») 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол күні аяқталған жыл іші қоса берілген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарына аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген 2016 жыл іші жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандары барлық елеулі аспектілерде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №143 Бұйрығына сәйкес дайындалған.

### Пікір білдірудің негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз есебіміздің «Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі нысандарының аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне («Кодекс») сәйкес және Қазақстан Республикасында жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі нысандарының аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптармен және Кодекспен белгіленген өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің ойымызша, біз пікір білдіру үшін жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдеме алдық.

### Маңызды жағдайлар

Біз есеп қағидалары көрсетілген қоса берілген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарына 3-ескертпеге назар аударамыз. Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандары Компанияның Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің жылдық қаржылық есептілікті дайындау бойынша 2015 жылғы 27 ақпандағы №143 Бұйрығының талаптарын сақтау мақсатында дайындалған. Сондықтан, бұл жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандары басқа мақсаттарға жарамсыз болуы мүмкін. Бұл біздің пікіріміздің өзгеруіне әкелген жоқ.

### Басқа да мәліметтер

Топ 2016 жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілікті Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес дайындады. Біз осы есептілік бойынша 2017 ж. 17 ақпанда аудиторлық қорытынды шығардық.

### Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі нысандарының аудиті үшін басшылық және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар жауапкершілігі

Басшылық жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №143 Бұйрығына сәйкес дайындауға және шынайы ұсынуға, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарын дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарын дайындау барысында басшылық Топтың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе басшылықтың Топты таратуға немесе қызметін тоқтатуға баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарын дайындауын бақылауға жауапты.

### **Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарын дайындау үшін аудиторлар жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарында елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында мүмкін елеулі бұрмалаушылықтардың анықталуына кепілдік бермейді. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесі болуы мүмкін және егер олардың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандары негізінде қабылданатын қолданушылардың экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алатыны негізді түрде болжанса, елеулі болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бұхжіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі нысандарының елеулі бұрамалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылауларды зерделейміз, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сондай-ақ басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Топтың үздіксіз қызмет жалғастыра алатынына елеулі күдік тудыртып алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарында тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізді модификациялаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Топтың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілеттігінен айырылуына әкелуі мүмкін;

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жайлы, сонымен қатар аудит барысында анықталған елеулі мәселелер жайлы, соның ішінде ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Сонымен қатар, біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға аудиторлық тәуелсіздікке қатысты қолданылатын барлық әдеп талаптарының сақталғаны туралы мәлімдеме ұсынамыз және аудитордың тәуелсіздігіне әсерін тигізетін деп негізді саналған барлық мәселелер және қажет болған жағдайларда қолданылған шаралар туралы хабарлаймыз.



Алуа Есімбекова  
Жоба бойынша серіктес  
Қоғамдық бухгалтер  
Нью-Гемпшир штаты, АҚШ  
2014 ж. 12 маусымдағы  
№07348 лицензия



Дәулет Қуатбеков  
Білікті аудитор  
2002 ж. 15 ақпандағы  
№ 0000523 біліктілігін  
растайтын куәлік  
Қазақстан Республикасы



«Делойт» ЖШС  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
2006 ж. 13 қыркүйекте берген  
Қазақстан Республикасы бойынша аудит  
жүргізу құқығы бар лицензиясы  
№00000015, түрі МФЮ-2



Нұрлан Бекенов  
«Делойт» ЖШС  
Бас директоры

2017 ж. 17 ақпан  
Алматы, Қазақстан Республикасы

Ұйымның атауы: «**Жолаушылар тасымалы**» АҚ  
 Ұйым қызметінің түрі: **Жолаушыларды тасымалдау**  
 Ұйымдастыру-құқықтық нысан: **Акционерлік қоғам**  
 Есептілік нысаны: **Шоғырландырылған**  
 Қызметкерлердің орташа жылдық саны: **14,143 адам**  
 Кәсіпкерлік субъектісі: **Ірі**

Заңды мекенжайы (ұйымның): **Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы,  
Қонаев к-сі, 6**

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС**

2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша

мың теңге

Активтер	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
<b>I. Қысқа мерзімді активтер:</b>			
Ақша қаражаты және оның баламалары	010	9,757,450	4,820,557
Сату үшін қолдағы бар қаржы активтері	011	-	-
Туынды қаржы құралдары	012	-	-
Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	013	-	-
Өтегенге дейін ұсталатын қаржы активтері	014	-	-
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері	015	-	-
Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	016	2,042,863	1,301,380
Ағымдағы табыс салығы	017	341,029	50,443
Қорлар	018	1,705,808	1,865,284
Өзге де қысқа мерзімді активтер	019	7,522,953	6,704,605
<b>Қысқа мерзімді активтердің жиыны (010 жолдан 019 жолды қоса алғандағы сомасы)</b>	<b>100</b>	<b>21,370,103</b>	<b>14,742,269</b>
Сатуға арналған активтер (немесе істен шыққан топтар)	101	-	-
<b>II. Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Сату үшін қолдағы бар қаржы активтері	110	-	-
Туынды қаржы құралдары	111	-	-
Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	112	-	-
Өтеуге дейін ұсталатын қаржы активтері	113	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері	114	-	-
Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	115	335,497	398,226
Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар	116	-	-
Инвестициялық мүлік	117	-	-
Негізгі қаражат	118	166,656,513	139,209,578
Биологиялық активтер	119	-	-
Барлау және бағалау активтері	120	-	-
Материалдық емес активтер	121	63,058	94,070
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	122	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	123	21,287,798	39,339,460
<b>Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (110 жолдан 123 жолды қоса алғандағы сомасы)</b>	<b>200</b>	<b>188,342,866</b>	<b>179,041,334</b>
<b>Баланс (100 жол + 101 жол + 200 жол)</b>		<b>209,712,969</b>	<b>193,783,603</b>

Ұйымның атауы: «Жолаушылар тасымалы» АҚ

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС**  
2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша (жалғасы)

мың теңге

Міндеттеме және капитал	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
<b>III. Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	210	-	-
Туынды қаржы құралдары	211	-	-
Өзге де қысқа мерзімді активтер	212	3,249,687	945,478-
Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	213	35,316,523	29,317,730
Қысқа мерзімді резервтер	214	-	-
Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері	215	-	-
Қызметкерлерге сыйақылар	216	535,077	460,242
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	217	3,914,825	3,513,125
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (210 жолдан 217 жолды қоса алғандағы сомасы)</b>	<b>300</b>	<b>43,016,112</b>	<b>34,236,575</b>
Сатуға арналған істен шыққан топтардың міндеттемелері	301	-	-
<b>IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	310	-	-
Туынды қаржы құралдары	311	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	312	39,351,485	37,183,291
Ұзақ мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	313	-	-
Ұзақ мерзімді резервтер	314	-	-
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	315	18,160,058	17,750,211
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	316	1,503,144	2,047,295
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны (310 жолдан 316 жолды қоса алғандағы сомасы)</b>	<b>400</b>	<b>59,014,687</b>	<b>56,980,797</b>
<b>V. Капитал</b>			
Жарғылық (акционерлік) капитал	410	72,744,613	72,744,613
Эмиссиялық кіріс	411	-	-
Сатып алынған меншікті үлес құралдары	412	-	-
Резервтер	413	-	-
Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)	414	34,937,557	29,821,618
<b>Бас ұйымның меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиыны (410 жолдан 414 жолды қоса алғандағы сомасы)</b>	<b>420</b>	<b>107,682,170</b>	<b>102,566,231</b>
Бақыламайтын меншік иелерінің үлесі	421	-	-
<b>Барлығы капитал (420 жол +/- 421 жол)</b>	<b>500</b>	<b>107,682,170</b>	<b>102,566,231</b>
<b>Баланс (300 жол +301 жол+400 жол + 500 жол)</b>		<b>209,712,969</b>	<b>193,783,603</b>

Топ басшылығы атынан:

«Жолаушылар тасымалы» АҚ  
Басқарма төрағасы  
(Президент)  
Н.И. Қилыбай

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан

«Жолаушылар тасымалы» АҚ  
Экономика және қаржы  
жөніндегі  
вице-президенттің м.а.  
Ш.Х. Нұрбаева

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан

«Жолаушылар тасымалы» АҚ  
Бас бухгалтердің м.а.  
Ғ.К. Касенова

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан



Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2015 ж. 27 ақпандағы  
№143 бұйрығына  
3-қосымша

№2 Нысан

Ұйымның атауы: «Жолаушылар тасымалы» АҚ

**Пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есеп  
2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша**

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	мың теңге	
		Есепті кезеңде	Алдағы кезеңде
Түсім	010	106,854,519	97,873,284
Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	011	97,102,903	93,989,450
Жалпы пайда (010 жол – 011 жол)	012	<b>9,751,616</b>	<b>3,883,834</b>
Сату бойынша шығыстар	013	-	-
Әкімшілік шығыстар	014	7,073,746	5,690,818
Өзге шығыстар	015	-	-
Өзге кірістер	016	526,671	1,080,355
<b>Операциялық пайда жиыны (залал) (+/- 012 жолдан 016 жолды қоса алғанда)</b>	<b>020</b>	<b>3,204,541</b>	<b>(726,629)</b>
Қаржыландыру бойынша түскен кірістер	021	738,239	483,819
Қаржыландыру бойынша шығыстар	022	2,183,896	1,453,151
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы (залалындағы) ұйымның үлесі	023	-	-
Өзге де операциялық емес кірістер	024	-	-
Өзге де операциялық емес шығыстар	025	-	-
<b>Салық салғанға дейінгі пайда (залал) (+/- 020 жолдан 025 жолды қоса алғанда)</b>	<b>100</b>	<b>1,758,884</b>	<b>(1,695,961)</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	101	446,515	1,576,115
Салық салғаннан кейін жалғасатын қызметтен түсетін пайда (залал) (100 жол - 101 жол)	200	<b>1,312,369</b>	<b>(3,272,076)</b>
Салық салғаннан кейін тоқтатылған қызметтен түсетін пайда (залал)	201	-	-
<b>Мыналарға қатысты бір жылғы пайда: (200 жол + 201 жол):</b>	<b>300</b>	<b>1,312,369</b>	<b>(3,272,076)</b>
негізгі ұйымның меншік иелері			
бақыламайтын меншік иелерінің үлесі		-	-
Өзге де жиынтық пайда (410 жолдан 420 жолды қоса алғанда сомасы):	400	<b>415,467</b>	<b>175,420</b>
оның ішінде:			
Негізгі қаражатты қайта бағалау	410	-	-
Сату үшін қолдағы бар қаржы активтерін қайта бағалау	411	-	-
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық пайдасындағы (залалындағы) үлесі	412	-	-
Зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал)	413	415,467	175,420
Еншілес ұйымдардың мерзімі кейінге қалдырылған салығына табыс салығы мөлшерлемесін өзгерту тиімділігі	414	-	-
Ақша ағындарын хеджирлеу	415	-	-
Шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма	416	-	-
Шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу	417	-	-
Өзге де жиынтық пайданың өзге де құрауыштары	418	-	-
Пайда (залал) құрамында кері сыныптау кезіндегі түзету	419	-	-
Өзге де жиынтық пайда құрауыштарының салықтық тиімділігі	420	-	-
<b>Жалпы жиынтық пайда (300 жол + 400 жол)</b>	<b>500</b>	<b>1,727,836</b>	<b>(3,096,656)</b>
Мыналарға тиесілі жалпы жиынтық пайда:			
негізгі ұйымның меншік иелері		1,727,836	(3,096,656)
бақыламайтын меншік иелерінің үлесі		-	-
Акцияға арналған пайда:	600	-	-
оның ішінде:			
Акцияға арналған базалық пайда:			
жалғасатын қызметтен		-	-
тоқтатылған қызметтен		-	-
Акцияға арналған ажыратылған пайда:			
жалғасатын қызметтен		-	-
тоқтатылған қызметтен		-	-

Топ басшылығы атынан:

«Жолаушылар тасымалы» АҚ  
Басқарма төрағасы  
(Президент)  
Н.И. Қылыбай

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан

«Жолаушылар тасымалы» АҚ  
Экономика және қаржы  
вице-президенттің міндетін  
атқарушы  
Ш.Х. Нұрбаева

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан

«Жолаушылар тасымалы» АҚ  
Бас бухгалтердің  
міндетін атқарушы  
Ғ.К. Касенова

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан

Ұйымның атауы: «Жолаушылар тасымалы» АҚ

**Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тура әдіс)**  
2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша

мың теңге			
Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезең үшін	Алдағы кезең үшін
<b>I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
<b>1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы (011 жолдан 016 жолды қоса алғанда сомасы)</b>	<b>010</b>	<b>94,217,335</b>	<b>71,507,917</b>
оның ішінде:			
тауарлар мен қызметтерді сату	011	70,968,925	48,657,582
өзге де табыс	012	-	-
сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	013	78,167	83,078
сақтандыру шарттары бойынша түсімдер	014	-	-
алынған сыйақылар	015	-	-
өзге де түсімдер	016	23,170,243	22,767,257
<b>2. Ақша қаражатының кетуі, барлығы (021 жолдан 027 жолды қоса алғанда сомасы)</b>	<b>020</b>	<b>76,099,501</b>	<b>59,951,191</b>
оның ішінде:			
тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер	021	42,656,259	28,901,087
тауарлар мен қызметтерді берушілерге берілген аванстар	022	205,480	73,231
еңбек ақыны төлеу бойынша төлемдер	023	18,761,961	19,344,321
сыйақы төлемдері	024	486,422	349,575
сақтандыру шарттары бойынша төлемдер	025	-	-
бюджетке табыс салығы мен басқа да төлемдер	026	6,156,976	3,602,783
өзге де төлемдер	027	7,832,403	7,680,194
<b>3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (010 жол - 020 жол)</b>	<b>030</b>	<b>18,117,834</b>	<b>11,556,726</b>
<b>II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
<b>1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы (041 жолдан 051 жолды қоса алғанда сомасы)</b>	<b>040</b>	<b>693,235</b>	<b>413,602</b>
оның ішінде:			
негізгі құралдарды сату	041	65,732	3,159
материалдық емес активтерді өткізу	042	-	-
өзге де ұзақ мерзімді активтерді өткізу	043	-	-
Басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлес құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі үлестік қатысуларын өткізу	044	-	-
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын өткізу	045	-	-
еншілес ұйымдарды бақылау кезінде шеккен зияндарды өтеу	046	-	-
өзге де қаржы активтерін өткізу	047	-	-
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	048	-	-
алынған дивидендтер	049	-	-
алынған сыйақылар	050	627,503	410,443
өзге түсімдер	051	-	-
<b>2. Ақша қаражатының кетуі, барлығы (061 жолдан 071 жолды қоса алғанда сомасы)</b>	<b>060</b>	<b>20,280,694</b>	<b>28,485,253</b>
оның ішінде:			
негізгі қаражатты сатып алу	061	20,280,694	28,485,253
материалдық емес активтерді сатып алу	062	-	-
басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	063	-	-
Басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлес құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі үлестік қатысуларын сатып алу	064	-	-
басқа ұйымдардың үлестік құралдарын сатып алу	065	-	-
еншілес ұйымдарға бақылауды алу	066	-	-
өзге қаржы активтерін алу	067	-	-
қарыз беру	068	-	-
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	069	-	-
қауымдасқан және еншілес ұйымдарға инвестициялар	070	-	-
өзге төлемдер	071	-	-
<b>3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (040 жол - 060 жол)</b>	<b>080</b>	<b>(19,587,459)</b>	<b>(28,071,651)</b>

Ұйымның атауы: «Жолаушылар тасымалы» АҚ

**Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп**  
2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша (жалғасы) (тура әдіс)

мың теңге

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезең үшін	Алдағы кезең үшін
<b>III. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
<b>1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (091 жолдан 094 жолды қоса алғанда сомасы)</b>	<b>090</b>	<b>7,500,000</b>	<b>13,862,000</b>
оның ішінде:			
акциялардың және басқа қаржы құралдарының эмиссиясы	091	-	-
қарыздар алу	092	5,500,000	13,862,000
алынған сыйақылар	093	-	-
өзге түсімдер	094	2,000,000	-
<b>2. Ақша қаражатының кетуі, барлығы (101 жолдан 105 жолды қоса алғанда сомасы)</b>	<b>100</b>	<b>1,116,111</b>	<b>-</b>
оның ішінде:			
қарыздарды өтеу	101	1,116,111	-
сыйақы төлеу	102	-	-
дивидендтерді төлеу	103	-	-
ұйымдардың акциялары бойынша меншік иелеріне төлемдер	104	-	-
өзге кетулер	105	-	-
<b>3. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы (090 жол – 100 жол)</b>	<b>110</b>	<b>6,383,889</b>	<b>13,862,000</b>
4. Валюта айырбастау бағамының теңгеге әсері	120	22,629	261,969
<b>5. Ақша қаражатының артуы +/- азаяуы (030 жол +/- 080 жол +/- 110 жол +/- строка 120)</b>	<b>130</b>	<b>4,936,893</b>	<b>(2,390,956)</b>
<b>6. Есепті кезеңнің басына ақша қаражаты мен олардың баламалары</b>	<b>140</b>	<b>4,820,557</b>	<b>7,211,513</b>
<b>7. Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары</b>	<b>150</b>	<b>9,757,450</b>	<b>4,820,557</b>

Топ басшылығы атынан:

«Жолаушылар тасымалы» АҚ  
Басқарма төрағасы  
(Президент)  
Н.И. Қилыбай

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан



«Жолаушылар тасымалы» АҚ  
Экономика және қаржы  
жөніндегі  
вице-президенттің м.а.  
Ш.Х. Нұрбаева

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан

«Жолаушылар тасымалы» АҚ  
Бас бухгалтердің м.а.  
Ғ.К. Касенова

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан

№4 Нысан  
Ұйымның атауы: «Жолаушылар тасымалы» АҚ

**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**  
2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша

Жол коды	Жарғылық (акционерлік) капитал	Аналық ұйымның капиталы				Бөлінбеген пайда	Бақылауға алынбайтын меншік иелерінің үлесі	Капитал жиыны
		Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	Резервтер	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар			
<b>010</b>	<b>72,744,613</b>	-	-	-	-	<b>25,801,889</b>	-	<b>98,546,502</b>
011	-	-	-	-	-	-	-	-
<b>100</b>	<b>72,744,613</b>	-	-	-	-	<b>25,801,889</b>	-	<b>98,546,502</b>
200	-	-	-	-	-	<b>(3,096,656)</b>	-	<b>(3,096,656)</b>
210	-	-	-	-	-	<b>(3,272,076)</b>	-	<b>(3,272,076)</b>
220	-	-	-	-	-	175,420	-	175,420
221	-	-	-	-	-	-	-	-
222	-	-	-	-	-	-	-	-
223	-	-	-	-	-	-	-	-
224	-	-	-	-	-	-	-	-
225	-	-	-	-	-	175,420	-	175,420
226	-	-	-	-	-	-	-	-
227	-	-	-	-	-	-	-	-
228	-	-	-	-	-	-	-	-
229	-	-	-	-	-	-	-	-

Мың теңге

**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**  
2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша (жалғасы)

Құрауыштардың атауы	Жол коды	Аналық ұйымның капиталы					Бөлінбеген пайда	Бақылауға алынбайтын меншік иелерінің үлесі	Мың теңге
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	Резервтер	Бөлінбеген пайда			
<b>Меншік иелерімен операциялар, барлығы (310 жолмен 318 жолды қоса алғанда сомасы):</b>	<b>300</b>	-	-	-	-	-	-	-	<b>7,116,385</b>
оның ішінде:									
Қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру	310	-	-	-	-	-	-	-	-
оның ішінде:									
қызметкерлердің көрсететін қызметтерінің құны		-	-	-	-	-	-	-	-
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемалары бойынша акциялар шығару		-	-	-	-	-	-	-	-
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасына қатысты салықтық пайда		-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерінің жарналары	311	-	-	-	-	-	-	-	-
Жеке меншік үлес құралдарын (акцияларын) шығару	312	-	-	-	-	-	-	-	-
Бизнесті біріктіруге байланысты үлес құралдарын шығару	313	-	-	-	-	-	-	-	-
Айырбасталатын құралдардың үлестік құрамы (салық тиімділігін шығара отырып)	314	-	-	-	-	-	-	-	-
Дивидендтерді төлеу	315	-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер	316	-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерімен өзге де операциялар	317	-	-	-	-	-	-	-	-
Бақылауды жоғалтуға әкеп соқпайтын еншілес ұйымдарда қатысу үлесіне өзгерістер	318	-	-	-	-	-	-	-	7,116,385
<b>Есепті жылдың 1 қаңтарына арналған сальдо (100 жол + 200 жол + 300 жол)</b>	<b>400</b>	<b>72,744,613</b>	-	-	-	-	-	-	-
Есеп саясатындағы өзгеріс	401	-	-	-	-	-	-	-	-
<b>Қайта есептелген сальдо (400 жол +/- 401 жол)</b>	<b>500</b>	<b>72,744,613</b>	-	-	-	-	-	-	-
<b>Жалпы жиынтық пайда, барлығы (610 жол + 620 жол):</b>	<b>600</b>	-	-	-	-	-	-	-	<b>1,727,836</b>
Бір жылғы пайда (залал)	610	-	-	-	-	-	-	-	1,312,369

**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**  
2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша (жалғасы)

	Жол коды	Аналық ұйымның капиталы					Бөлінбеген пайда	Бақылауға алынбайтын меншік иелерінің үлесі	Капитал жиыны
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	Резервтер	Мың теңге			
<b>Құрауыштардың атауы</b>	<b>620</b>	-	-	-	-	-	-	<b>415,467</b>	
<b>Өзге жиынтық пайда, барлығы (621 жолмен 629 жолды қоса алғанда сомасы):</b>									
оның ішінде:									
Негізгі қаражатты (салық тиімділігін шегере отырып) қайта бағалағандағы өсім	621	-	-	-	-	-	-	-	
Негізгі қаражатты (салық тиімділігін шегере отырып) қайта бағалағандағы амортизацияны аудару	622	-	-	-	-	-	-	-	
Сатуға арналған қолдағы қаржы активтерін (салық тиімділігін шегере отырып) қайта бағалау	623	-	-	-	-	-	-	-	
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық пайдадағы (залалдағы) үлесі	624	-	-	-	-	-	-	-	
Зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал)	625	-	-	-	-	-	-	-	
Еншілес компаниялардың мерзімі кейінге қалдырылған салығына арналған табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгерістердің тиімділігі	626	-	-	-	-	-	-	-	
Ақша ағындарын (салық тиімділігін шегере отырып) хеджирлеу	627	-	-	-	-	-	-	-	
Шетел ұйымдарына инвестициялар бойынша бағамдық айырма	628	-	-	-	-	-	-	-	
Шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу	629	-	-	-	-	-	-	-	

Ұйымның атауы: «Жолаушылар тасымалы» АҚ

№4 Нысан

**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**  
2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша (жалғасы)

Құрауыштардың атауы	Жол коды	Аналық ұйымның капиталы					Бөлінбеген пайда	Бақылауға алынбайтын меншік иелерінің үлесі	Мың теңге
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	Резервтер	Жалпы капитал			
Меншік иелерімен операциялар, барлығы (710 жолмен 718 жолды қоса алғанда сомасы)	700	-	-	-	-	-	3,388,103	-	3,388,103
оның ішінде:									
Қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру	710	-	-	-	-	-	-	-	-
оның ішінде:									
қызметкерлердің көрсететін қызметтерінің құны		-	-	-	-	-	-	-	-
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемалары бойынша акциялар шығару		-	-	-	-	-	-	-	-
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасына қатысты салықтық пайда		-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерінің жарналары	711	-	-	-	-	-	-	-	-
Жеке меншік үлес құралдарын (акцияларын) шығару	712	-	-	-	-	-	-	-	-
Бизнесті біріктіруге байланысты үлес құралдарын шығару	713	-	-	-	-	-	-	-	-
Айырбасталатын құралдардың үлестік құрамы (салық тиімділігін шығара отырып)	714	-	-	-	-	-	-	-	-
Дивидендтерді төлеу	715	-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер	716	-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерімен өзге де операциялар	717	-	-	-	-	-	-	-	-
Бақылауды жоғалтуға әкеп соқпайтын еншілес ұйымдарда қатысу үлесіне өзгерістер	718	-	-	-	-	-	3,388,103	-	3,388,103
<b>Есепті жылдың 31 желтоқсанына арналған сальдо (500 жол + 600 жол + 700 жол)</b>	<b>800</b>	<b>72,744,613</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>34,937,557</b>	<b>-</b>	<b>107,682,170</b>

Топ басшылығы атынан:

«Жолаушылар тасымалы» АҚ  
Басқарма төрағасы  
(Президент)  
Н.И. Қилыбай

«Жолаушылар тасымалы» АҚ  
Экономика және қаржы  
Жөніндегі вице-президенттің м.а.  
Ш.Х. Нұрбаева

«Жолаушылар тасымалы» АҚ  
Бас бухгалтердің м.а.  
Ғ.К. Касенова

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан

2017 ж. 17 ақпан  
Астана қ., Қазақстан

## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

#### **1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

«Жолаушылар тасымалы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») 1997 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 31 қаңтардағы №129 Қаулысына сәйкес «Қазақстан темір жолы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының құрамынан оны бөлу жолымен құрылды. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамын қалыптастыру және қызметін ұйымдастыру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының 2002 ж. 27 сәуірдегі №479 Қаулысымен «Жолаушылар тасымалы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны ашық акционерлік қоғам болып қайта құрылды (мемлекеттік тіркеу 2002 ж. 21 мамырда жүргізілді).

«Ұлттық темір жол компаниясының және ұлттық тасымалдаушылардың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 ж. 25 желтоқсандағы №1389 қаулысымен «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на Ұлттық тасымалдаушы мәртебесі берілді.

Топ ауданаралық, облысаралық және халықаралық қатынастағы жолаушыларды, почта жөнелтілімдерін, жүк және жүкбағажын теміржолмен тасымалдауды жүзеге асырады.

Компанияның құрамында 4 филиал бар: «Батыс», «Солтүстік», «Оңтүстік» және «Экспресс».

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандары Компанияның және 27 Ескертуде аталған толығымен бақыланатын оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») қызмет нәтижелерін қамтиды.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның жалғыз акционері - «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Акционер» немесе «ҚТЖ» ҰК» АҚ). Мемлекет атынан аналық компанияның акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып табылады. Байланысты тараптармен операциялар туралы толық ақпарат 26 Ескертуде көрсетілген.

Қазіргі уақытта темір жол жұмысының тиімділігін арттыру, негізгі құралдарды жаңарту мен «Жолаушылар тасымалы» АҚ көрсететін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында 2015-2019 ж. «Нұрлы жол» Мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасы, 2025 ж. дейінгі «ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының қызметінің тиімділігін арттыру бағдарламасы жүзеге асырылып келеді.

Жолаушылар тасымалын дамыту мақсатында мына негізгі міндеттерді орындау жоспарлануда:

- жолаушылар тасымалы қызметінің тиімділігін арттыру үшін шараларды жүзеге асыру;
- сала өндірісінің негізгі құралдарын жаңарту және жаңғырту;
- қызмет көрсетудің жаңа стандарттарын енгізу;
- жедел жолаушылар қозғалысын дамыту;
- нормативтік құқықтық базаны жетілдіру.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2015 ж. 30 желтоқсандағы №1141 «Жекешелендірудің 2016-2020 жж. арналған кейбір мәселелері туралы» қаулысы бойынша «Жолаушылар тасымалы» АҚ бәсекелік ортаға беруге жатады.

Компания кеңсесінің тіркелген мекенжайы: Астана қ., Есіл ауданы, Қонаев к-сі, 6.

2016 және 2015 жж. Топ қызметкерлерінің орташа саны сәйкесінше 14,143 және 14,900 адамды құрады.

#### **Тарифтік саясат**

Топ жолаушыларды темір жол көлігімен тасымалдау бойынша қызметтер көрсетеді. Темір жол жолаушылар тарифтері - бұл жолаушыларды, жүк және жүкбағажын тасымалдауға белгіленген төлем және алым. Осы тарифтердің базалық мөлшерлемелері 1995 ж. 1 наурыздан бастап «Жолаушыларды, жүк және жүкбағажын темір жол көлігімен тасымалдау тарифтері туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 ж. 24 ақпандағы № 203 қаулысының негізінде енгізілді.



## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің 2015 ж. 31 желтоқсандағы №494-ОД бұйрығына сәйкес Топ келесі қызмет түрлері бойынша тиісті тауар нарығында үстемділік және монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген:

- облысаралық қатынастағы темір жол көлігімен жолаушыларды тасымалдау;
- халықаралық қатынастағы темір жол көлігімен жолаушыларды тасымалдау;
- темір жол көлігімен пошталық жіберулерді тасымалдау;
- жүк және жүкбагажын темір жол көлігімен тасымалдау.

Топ жолаушыларды Talgo вагондарынан құрастырылған жылдам жолаушылар поездармен тасымалдаудың экспресс қызметінің жаңа көрінісін 2014 ж. 19 қыркүйегінен бастап жүзеге асырып келеді. Жылдам поездарда жолаушыларды тасымалдау үшін жол жүру құжатының құны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетімен реттелмейді.

Тарифтер швейцария франктерімен есептеледі. Республикаішілік қатынастағы швейцария франкінің бағамы №203 қаулысына енгізілген өзгерістерге (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 ж. 17 наурыздағы №258 қаулысы) сәйкес 103.05 теңге деңгейінде белгіленген (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2002 ж. 1 қазандағы ресми бағамы). Мемлекетаралық қатынастағы тариф валютасын теңгеге қайта есептеу айдың басында белгіленетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы ресми бағамы бойынша ай сайын өткен айдың соңғы жұмыс күнінде жүргізіледі.

Жол жүру құжаты құнының деңгейін реттеу құралы Мемлекетаралық жолаушылар тарифінің (бұдан әрі – «МАЖТ») базалық тариф мөлшерлемелеріне қолданылатын индекстеу коэффициенті болып табылады. Мемлекетаралық және облысаралық қатынастағы поездарда жолаушыларды тасымалдау үшін жол жүру құжатының, сондай-ақ, пошта жөнелтілімдерін, жүк және жүкбагажын темір жол көлігімен тасымалдау құнын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті реттейді.

Сонымен қатар, 2016 ж. 9 сәуірдегі қабылданған № 494-V «Теміржол көлігінің мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдау қызметтері бағасының (тарифтерінің) шекті деңгейін өкілетті орган Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі белгілейді.

*Пошта, өзге де және жүк вагондарының жол жүру тарифтері*

Өзге де және жүк вагондарының жол жүруі тараптық ұйымдардың жүк немесе пошталық вагондары Компанияға тиесілі жылжымалы құрамға қосылу арқылы жүзеге асады. Өзге де және жүк вагондардың жол жүру тарифтері реттеуге келмейтіндігіне байланысты оны Қоғам өзі белгілейді. Жүк және өзге де вагондардың жол жүру тарифтері «Жолаушылар тасымалы» АҚ Басқармасының 2016 ж. 29 шілдедегі №02/16 ішкі хаттамасымен бекітілген. Бекітілген тарифтер жедел, жолаушылар және жүк жолаушылар поездарының құрамындағы вагондардың жол жүруіне қолданылады.

## **2. АҒЫМДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ**

### **Операциялық орта**

Қазақстанды қосқанда, дамушы елдердің нарығы дамыған нарықтардың тәуекелдерінен өзгеше экономикалық, саяси, әлеуметтік, сот және заңнамалық тәуекелдерге ұшырағыш. Қазақстанда бизнесті жүргізуді қадағалайтын заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеруге тәуелді, және еркін талқылау мүмкіншілігі бар. Қазақстанның болашақтағы даму бағыты мемлекеттің салық және кредиттік-ақша саясатына, қабылданып жатқан заңдар мен нормативті актілерге, сонымен қатар елдегі саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты. Қазақстан мұнай және газдың үлкен көлемін өндіріп экспорттауына байланысты, экономикасы мұнай және газдың әлемдік бағаларының өзгерістеріне едәуір ауытқуларына сезімтал.

## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)*

Топ Басшылығы экономиканың ағымдағы өзгерістерін бақылай отырып, Топтың ең жақын келешектегі бизнесінің тұрақтылығы мен дамуы үшін қажетті шаралар қабылдайды. Алайда, экономикалық өзгерістердің Топ қызметінің болашақ нәтижелері мен қаржылық жағдайына әсерін дәл қазір анықтау қиын.

### **3. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ**

#### **Сәйкестік туралы мәлімдеме**

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 ж. 27 ақпандағы №143 бұйрығымен (бұдан әрі – «№ 143 бұйрық») бекітілген жария мүдделі ұйымдардың жариялауы үшін дайындалған қаржылық есептілігі нысандарының форматына сәйкес дайындалған. Төменде жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарын дайындау кезінде қолданылған есеп саясатының негізгі қағидалары баяндалған.

#### **Құнын анықтау негізі**

Төменде баяндалғандай, қайта бағалау немесе әділ құнмен есепке алынатын кейбір қаржылық құралдарды қоспағанда, Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандары тарихи құнмен есептеу қағидасына сәйкес дайындалған.

#### **Шоғырландыру қағидалары**

Аталған шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандары Компанияның және 28 Ескертуде көрсетілген еншілес кәсіпорындарының қаржылық есептілігінен тұрады. Топ компаниялары арасындағы барлық мәмілелер есептеу кезіндегі тиісті қалдықтар мен жүзеге асырылмаған кірістер мен шығыстар шоғырландыру есебі кезінде алынып тасталынады.

#### **Үздіксіз қызмет қағидасы**

Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі үздіксіз қызмет болжамы негізінде жасалды. Бұл көз жетерлік келешектегі оның әдеттегі шаруашылық қызметін жүргізу барысында активтерді іске асыруды және міндеттемелерді өтеуді болжайды. 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ағымдағы міндеттемелері ағымдағы активтерден 21,646,009 мың теңгеге асып түсті (2015 ж.: 19,494,306 мың теңге). Ағымдағы міндеттемелер негізінен, Аналық компания алдындағы қарыздардан құралған.

Аналық компания 2020 ж. дейінгі ұзақ мерзімді стратегиялық дамуды бекітті. Осы құжаттар саланың нысаналы моделі қызмет етуінің нормативтік және әдіснамалық базасын әзірлеуді, активтерді қайта құрылымдауды, негізгі құрал-жабдықтарды жаңартуды, басқару жүйесін жетілдіруді, Топтың өндірістік - экономикалық қызметінің тиімділігін арттыруды, сондай-ақ, темір жол көлігінің негізгі қаражаттарынан құрылған ауқымды инвестицияларға сұраныстың базасында темір жол машинасын жасаудың отандық саласын құруды көздейді. Сонымен қатар, Топ Басшылығы Компания акционері «ҚТЖ» ҰК» АҚ көз жетерлік болашақта Топтың қызметіне қаржылық қолдау көрсетуді жалғастыра береді деп есептейді. Бұл 26 Ескертуде көрсетілгендей байланысты тараптар алдында берешектің едәуір бөлігі барын растайды.

Басшылық Топ үздіксіз қызмет қағидасы негізінде өз қызметін жалғастыра алады деп есептейді.

#### **Функционалды валюта және ұсыну валютасы**

Топтың шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігінің нысандары Қазақстандық теңгеде (бұдан әрі – «теңге») ұсынылған.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде толық еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды. Шетел валюталарындағы операциялар, Қазақстандық қор биржасы («ҚҚБ») белгілеген операция жасау күнінің нарықтық бағамы бойынша есептеледі. ҚҚБ сессиясында сауда-саттық жасалмаған шетел валюталары бойынша валюта айырбастау бағамдары Reuters ақпарат агенттігінің арналарынан алынған бағамдарға сәйкес АҚШ долларына кросс-бағамдар пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен есептеледі.

Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есеп күні қолданыста болған бағам бойынша қайта есептеледі. Операциялар жасалған күннен кейінгі айырбастау бағамдарының өзгеруі нәтижесінде туындаған барлық бағамдық айырмашылықтар кіріс пен шығыстарда көрсетіледі. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай емес активтері мен міндеттемелер әділ құны жасау күнінің нарықтық бағамы бойынша теңгемен есептеледі. Шетел валютасында тарихи құнмен көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер есептелінбейді.

Төмендегі кестеде теңгенің айырбастау бағамы мына күндерге ұсынылған:

	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Еуро	352.42	371.46
АҚШ доллары	333.29	340.01
Швейцария франкі	328.14	343.48
Ресей рублі	5.43	4.61

#### 4. ЕСЕПТІК САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

##### Жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдау

2016 ж. 1 қаңтарда күшіне енген стандарттар:

- 1 ХҚЕС (IAS) «Ақпаратты ашып көрсету саласындағы бастама» түзетулер;
- 16 ХҚЕС (IAS) және 38 ХҚЕС (IAS) «Амортизацияның рұқсат етілген әдістерін түсіндіру»;
- 27 ХҚЕС (IAS) «Жеке қаржылық есептілікте үлестік қатысу әдісін қолдану»;
- 2012-2014 жж. жыл сайынғы ХҚЕС жетілдірулері.

##### 1 ХҚЕС (IAS) «Ақпаратты ашып көрсету саласындағы бастама» түзетулер

1 ХҚЕС (IAS)-тің түзетулерінде тәжірибеде маңыздылық тұжырымдамасын қолдану, қаржылық жағдай, кіріс немесе шығын және басқа да жиынтық табыстар бойынша есептіліктерде жолдар мен қорытынды көрсеткіштерді ұсыну жолдары түсіндіріледі. Бұдан басқа, түзетулер басшылық қаржылық есептілікке ескертулерді ұсыну тәртібін өздігінен реттей алатындығын нақтылайды.

Соның ішінде, Топ келесілерді қайта қарастырды:

- көрсетілген ақпараттың маңыздылығын, себебі есептілікке маңызды емес мәліметтерді қосу қаржылық ақпараттың маңыздылығын төмендетеді;
- ХҚЕС қарастырылғандай, есеп баламасынан осындай саясаттар таңдалған кезде Топқа лайық белгілі бір операциялар мен оқиғаларды ашу үшін негізгі есептік саясаты.

Топтың пайымдауынша осы түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептіліктің сапасын, түсініктігін және пайдасын арттырады.

##### 2012-2014 жж. жыл сайынғы ХҚЕС жетілдірулері

2012-2014 жж. жыл сайынғы ХҚЕС жетілдірулер төменде көрсетілген түрлі ХҚЕС-терге бірқатар түзетулерді қамтиды.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

5 ХҚЕС (IFRS) түзетулер компания активті (немесе шығарылатын топты) сатуға арналған категориядан меншіктік бөлуге арналған категорияға (немесе керісінше) ауыстыру жағдайларына қажетті арнайы нұсқаулықтан тұрады. Түзетулер бұл өзгерістер бастапқы жоспардың жалғасы екенін түсіндіреді де 5 ХҚЕС (IFRS) сату жоспарындағы өзгертулерге талаптар қолданбайтынын көрсетеді. Сондай - ақ, түзетулер меншіктік бөлуге арналған активтердің (немесе шығарылатын топтың) есептерін тоқтату талаптарын да түсіндіреді.

7 ХҚЕС (IFRS) берілген активтерге қатысты ақпаратты ашу мақсатында берілген активтерде жасасқан келісім - шарт қатысудың жалғасын айқындайтын қосымша нұсқаулық бар.

19 ХҚЕС (IAS) түзетулер еңбек қызметін аяқтау кезіндегі сыйақы бағдарламасы бойынша дисконттық міндеттемелерде қолданылатын мөлшерлеме жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың нарықтық пайдасы негізінде белгіленетінін түсіндіреді. Жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың нарығын толық бағалау үшін бөлек валюта (яғни сыйақы, төленетін валюта) негізінде жүзеге асыру керек. Жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың толық нарығы жоқ валюталарға осы валютада мемлекеттік облигациялардың нарықтық пайданың көрсеткіштері қолданылуы тиіс.

Осы түзетулерді қолдану шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарына елеулі әсер тигізбеді.

<b>Жаңа немесе қайта қарастырылған стандарттар немесе түсіндірулер</b>	<b>Күшіне ену күні - осыдан кейін басталатын жылдық есепті кезең үшін</b>
9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»	2018 ж. 1 қаңтар
15 ХҚЕС (IFRS) «Клиенттермен жасасқан шарт бойынша түсетін түсім»	2018 ж. 1 қаңтар
16 ХҚЕС (IFRS) «Жалға алу»	2019 ж. 1 қаңтар
10 ХҚЕС (IFRS) және 28 ХҚЕС (IAS) «Инвестор және оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілеге активтерді сату немесе қосу»	күнін КХҚЕС белгілейді
12 ХҚЕС (IAS) түзетулер «Жүзеге асырылмаған шығыстарға қатысты кейінге қалдырылған салықтық активтерді мойындау»	2017 ж. 1 қаңтар

#### 9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»

Топ Басшылығы 9 ХҚЕС (IFRS) қолдану болашақта қаржы активтері мен қаржы міндеттерінің сомасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін деп күтуде. Алайда, егжей-тегжейлі талдау жасағанға дейін 9 ХҚЕС (IFRS) қолданудың әсерін бағалау мүмкін болмай отыр.

#### 15 ХҚЕС (IFRS) «Клиенттермен жасасқан шарт бойынша түсетін түсім»

Топ Басшылығы 15 ХҚЕС (IFRS) қолдану болашақта табыстың сомасы мен мерзімін мойындауға айтарлықтай ықпал етеді деп күтуде. Алайда, егжей-тегжейлі талдау жасағанға дейін 15 ХҚЕС (IFRS) қолданудың әсерін бағалау мүмкін болмай отыр.

#### 16 ХҚЕС (IFRS) «Жалға алу»

Топ Басшылығы 16 ХҚЕС (IFRS) қолдану болашақта активтер мен міндеттердің сомасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін деп күтуде, себебі Топ жалдаушы болып көрсетілген барлық жалға алу шарттары есептілікте көрсетілетін болады. Алайда, егжей-тегжейлі талдау жасағанға дейін 16 ХҚЕС (IFRS) қолданудың әсерін бағалау мүмкін болмай отыр.

## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)*

---

12 ХҚЕС (IAS) түзетулер «Жүзеге асырылмаған шығыстарға қатысты кейінге қалдырылған салықтық активтерді мойындау»

Түзетулерге сүйенсек, қаржылық есептілікте әділ құнымен және салық есебінде бастапқы құнымен бағаланған қарыз құралдары бойынша жүзеге асырылмаған шығыстар уақыт айырмашылықтарының азаюына әкеліп соғуы ықтимал. Сондай-ақ түзетулерге сәйкес, келешектегі болуы мүмкін салық пайдасын бағалау активтің теңгерімдік құнымен ғана шектелмейді және келешектегі салық пайдасын азайтылатын уақыт айырмашылықтарымен салыстыру барысында келешектегі салық пайдасы осындай азайтылатын уақыт айырмашылықтарының қайта қалпына келтірумен байланысты салық шегерімдерін қамтымайды. 2017 ж. 1 қаңтарынан бастап түзетулер ретроспективті түрде қолданылуы тиіс және мерзімнен бұрын қолдануға да жол беріледі.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түзетулерді немесе түсіндірмелерді уақытынан бұрын қолданған емес.

#### **Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар**

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар олардың бастапқы құны немесе кез келген кейінгі жинақталған тозуды және кейінгі құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергендегі негізгі құн бойынша бейнелеп көрсетіледі. Топ 2005 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар қайта бағаланған құнын ХҚЕС мақсатында негізгі құн ретінде қолданылады. 2005 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша жылжымайтын мүлік ғимараттар мен жабдықтардың әділ құны, негізінен, жинақталған тозуды шегере отырып ауыстырудың құнын бағалау жолымен анықталды. Басшылық бағалау нәтижелері Топтың осы күнгі жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарының экономикалық жағдайын ең жақсы түрде бейнелеп көрсетеді деп есептейді.

#### *Кейінгі шығыстар*

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың нысандарына объектілеріне жұмсалатын кейінгі шығыстар келешектегі экономикалық пайда алу мүмкіндігіне қарай капиталдандырылады және мұндай шығыстар жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен есептеледі немесе бағаланады.

Ақаулықтарды жүйелі түрде техникалық тексеруге шыққан шығындар вагондардың теңгерімдік құнында мойындалады. Бұрынғы тексеру бойынша кез-келген қалған шығыстардың теңгерімдік құнын тану тоқтатылады. Ірі техникалық тексерулер вагондар қызметінің пайдалы мерзімі ішінде бір рет жүргізіледі. Ірі техникалық тексеру жүргізу бойынша шығындар қайта қаралған пайдалы қалған қызмет ету мерзімі ішінде бірқалыпты амортизацияланады.

Барлық өзге де кейінгі жөндеу және қызмет көрсету сияқты шығындар туындаған сәттегі шығыстарға жатады.

#### *Тозу*

Тозу активтердің есептік пайдалы қызмет ету мерзіміне сүйеніп, тура желілі әдіс негізінде есептеледі.

#### **Тауарлық-материалдық қорлар**

Қорлардың негізгі бөлігі шаруашылық қызмет барысында сауда операциялары үшін емес, жылжымалы құрамды пайдалануды қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

Нысанды киім, арнайы киім және төсек-орын жабдықтары қорлар құрамына кіреді және қоймадан берілген сәтте шығыстарға жазылады. Сондай-ақ, қорлар құрамында түрлі техникалық сипаттамалары және пайдалы қызмет ету мерзімі бар жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың нысандарына орнатуға жарамды қосалқы бөлшектер есептеледі.

## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)*

---

Қорлар өзіндік құнның ең аз мөлшері немесе сатудың таза құны бойынша бағаланады. Өзіндік құнға жеткізуге және қорларды ағымдағы жағдайға келтіруге байланысты келтірілген шығындар жатады. Сатудың таза құны аяқталуына шыққан шығынды шегеріп тастап, күнделікті қызмет барысындағы қорларды сатудың құнын және сатуға кеткен бағалау шығынын бағалауды білдіреді. Қорлар орташа өлшенген құн әдісі бойынша есептеледі.

#### **Қаржы құралдары**

Бірінші тараптың қаржылық активтерінің пайда болуы және екінші тараптың міндеттемелерінің немесе үлескерлік құралының пайда болуы туралы келісім шарттар қаржы құралдары болып табылады.

Бастапқыда тәуелсіз еншілес тараптар арасында өзара келісілген сыйақы сомасы қаржы құралдарының әділ құны бойынша мойындалады.

Кейінгі бағалау қаржы құралдары қалай топталғанына байланысты болады. Дебиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Несиелік берешек, есептелген міндеттемелер, қарыздар, төлем дивидендтері мен өзге де міндеттемелер өзге міндеттемелер деп реттеледі де тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша бағаланады.

#### **Меншікті капитал**

##### *Жарғылық (акционерлік) капитал*

Қарапайым акциялар капитал ретінде жіктеледі. Ұйымдарды біріктіру жағдайларынан басқа жаңа акциялар шығаруға тікелей қатысты сыртқы шығындар капитал түсімдері сомасынан шегерілгендер ретінде көрсетілген. Алынған қаражат әділ құнының шығарылған акциялардың номиналды құнынан кез келген артуы қосымша төленген капитал ретінде мойындалады.

##### *Дивидендтер*

Дивидендтер міндеттеме ретінде мойындалады және олар есептік күнді қоса алғанға дейін жарияланған жағдайда ғана есептік күнгі капитал сомасынан ұсталынады. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есептік күнге дейін ұсынылған, сондай-ақ есептік күннен кейін, бірақ шоғырландырылған қаржы есептілігінің нысандарында бекітілген күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, шоғырландырылған қаржы есептіліктің нысандарында көрініс табады.

#### **Кірістер мен шығыстарды тану**

##### *Кірістерді тану*

Кірістер Топтың белгіленген экономикалық пайда табу мүмкіндігі бар болуына қарай мойындалады және кірістер нақтылықтың белгілі дәрежесімен есептелуі немесе бағалануы мүмкін.

Жолаушылар тасымалына жататын қызметтерге қатысты кірісті аяқталу дәрежесі және сомасы жеткілікті дәрежеде нақты белгіленген жағдайда есептік күндегі тасымалдаудың аяқталу дәрежесі бойынша мойындалады. Тапсырыс берушіден әлі көрсетілмеген көлік қызметтері үшін алынған алдын ала төлем сомасы алған сәтте тапсырыс берушіден алынған аванстар құрамында бейнелеп көрсетіледі. Шамамен күтілетін есептік кіріс көрсетілген қызметтерден алынған кіріске тең келетін тапсырыс берушіден алынған аванстар қаржы жағдайы туралы жылдық шоғырландырылған қаржы есептелік нысанында өзге де ағымдағы міндеттемелер құрамында келешектегі кезеңнің кірісіне ауыстырылды. Келешектегі кезеңнің кірістері көрсетілген қызметтерге қарай кірістерге жатқызылады.

Вагон-мейраханаларды пайдалану қызметтеріне қатысты кіріс Топтың вагондарын пайдаланған кезеңде мойындалады.

## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

---

#### *Шығыстарды тану*

Шығыстар шыққан сәтінде мойындалады және шоғырландырылған қаржылық есептілік нысанында қатысты кезеңіне сәйкес көрсетіледі.

#### **Мемлекеттік субсидиялар**

Мемлекеттік субсидиялар субсидиялар алуға сенімді болғанда және барлық тиісті талаптар сақталғанда ғана әділ құнымен танылады. Мемлекеттік субсидиялар осы субсидиялар тасымалдаушылардың әлеуметтік маңызды қатынастары бойынша шығындарын жабатындай болғанда кезең-кезеңімен тұрақты негізде түсетін табыс ретінде табылады.

#### **Қарыздар бойынша шығындар**

Жоспар бойынша қолданысқа енгізуге немесе сатуға көп уақыт талап ететін активтерді сатып алу, құрылысы немесе жасалауымен байланысты қарыздар бойынша шығындар тікелей жоспарланған уақытта қолданысқа енгенге дейін активтердің құнына енеді. Қарыздарды квалификациялық активтерді сатып алуға жұмсағанға дейінгі кезең ішінде уақытша инвестицияланған қаражаттан алынған пайда, қарызды алуға шыққан шығындарды өтеуге жұмсалады.

Қарыздар бойынша басқа да шығындар пайда болуына қарай пайдада және шығындарда көрініс табады.

## **5. ЕЛЕУЛІ ЖОРАМАЛДАР МЕН БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІКТЕРДІҢ КӨЗІ**

Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарын ХҚЕС сәйкес дайындау Топ басшылығының есептелген активтер мен міндеттемелер сомасына әсер ететін субъективті бағалар мен жорамалдарды пайдалануын және шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарына қол қойылған күнге әлеуетті активтер мен міндеттемелер туралы ақпараттарды ашып көрсетуді және есептік кезең ішіндегі кірістер мен шығыстардың ескерілген сомасын көздейді. Нақты нәтижелер осы субъективті бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

#### **Есеп саясатын қолдану барысында пайдаланылған елеулі жорамалдар**

Төменде Топтың есеп саясатын қолдану кезінде басшылық пайдаланған және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында бейнеленген сомаларға елеулі әсер ететіндерден басқа жорамалдар келтірілген.

#### *Шығыстарды капиталдандыру*

Топ вагондардың пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде бір рет қана вагондардың ақаулығына ірі техникалық тексеру жүргізеді. Ірі техникалық тексеру жүргізу бойынша шығындар осындай вагондардың құнына капиталдандырылады және көзделген қалған пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тең амортизацияланады. Ірі техникалық тексеру жүргізу кезінде пайдалы қызмет ету мерзімі 5-16 жылға ұзартылады.

#### **Бағалаудағы белгісіздіктердің басты көзі**

Төменде Топтың есеп саясатын қолдану кезінде басшылық пайдаланған және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында бейнеленген сомаларға елеулі әсер ететіндерден басқа бағалаулар келтірілген.

#### *Активтердің құнсыздануы*

Топ әр есептік күнге жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың теңгерімдік құнын құнсыздандыру белгілерінің бар – жоғын тексереді.

## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)*

---

Актив белгілерінің бар – жоғы мына факторлардың көптігіне байланысты анықталады: қайта құру барысындағы, теміржол саласының күтілетін өсіміндегі өзгеріс, болжалды ақша ағымдары, келешекте қаржыландыру қолжетімділігін өзгерту, техникалық ескеру, қызметтерді көрсетуді тоқтату, ауыстыруға арналған ағымдағы шығындар мен бағалаудың болуын көрсететін шарттардың басқа да өзгерістері.

Егер мұндай белгілер болса, активтің өтелетін құны бағаланады және активтің теңгерімдік құнымен салыстырылады. Теңгерімдік құн активтің өтелетін құнынан асып түскен жағдайда құнсыздану мойындалады. Өтелетін құн мына екі ұғымдардың едәуірі ретінде белгіленеді: сатуға арналған шығыстарды шегере отырып активтің әділ құны және қолданылу құны. Ақша қаражатының есептік келешектегі ағымдарын пайдалану құнын бағалау кезінде, басшылықтың пікірі бойынша, ақшаның уақытша құнын және тәуекелділікті ағымдағы нарықтық бағалауға тән активтерге әсер ететін салық салуға дейін дисконт мөлшерлемесін қолдана отырып, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Өтелетін бағалау құнындағы өзгеріс келешектегі кезеңдерде құнсыздандыруға немесе оны қалпына келтіруге әкеп соқтыруы мүмкін.

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 36 ХҚЕС «Активтердің құнсыздануы» сәйкес барлық ұзақ мерзімді активтердің құнының төмендеуі бойынша белгілердің бар-жоқтығына бағалау өткізді. Сараптау негізінде Топтың жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарының құнсыздану белгілері анықталған жоқ.

#### *Зейнеткерлікке шыққаннан кейін қызметкерлерге сыйақы беру*

Топ зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі белгіленген төлемдер бойынша міндеттемелердің ағымдағы құнын және осыған байланысты қызметтердің ағымдағы құнын анықтау үшін актуарлық әдістерін (16 Ескерту) қолданады. Бұл сыйақыны беруге болатын (жұмыс істеп жүргенде немесе кейіннен қайтыс болуы, қызметкерлер санының өзгеруі бойынша статистика және өзгелер) қазіргі және кеткен қызметкерлердің келешектегі мінездемесіне қатысты демографиялық болжамдарды, сондай-ақ қаржы болжамдарын (дисконттау мөлшерлемесі, келешектегі жылдық материалдық көмек, келешектегі жылдық минималды еңбекақы, темір жол билетінің келешектегі орташа бағасы) қолдануды қажет етеді.

#### *Кейінге қалдырылған табыс салығының әсерін бағалау*

Әрбір есептік күнге Топ басшылығы тиісті салық негізіндегі жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нысандарындағы активтердің баланстық сомасы мен міндеттемелерін салыстыру жолымен кейінге қалдырылған табыс салығының келешектегі әсерін анықтайды. Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай бойынша тиісті шоғырландырылған есептіліктің мерзімінде әрекетте болған немесе сол кезде күшіне енген салықтық мөлшерлемелер (салықтық заңнама) негізінде активтер сатылған немесе борыш міндеттемелері өтелген кезге қолданылатын салық мөлшерлемесі бойынша есептеледі. Кейінге қалдырылған табыс салығының активтердің теңгерімдік құны әр есептік күнде бағаланады және кейінге қалдырылған салық активтердің толық немесе бөлігіне қарсы пайдалануы мүмкін жеткілікті салық пайдасының түсу болжамы болмаған жағдайда ғана сол дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған активтер қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептікті құрастыру әр күніне қайта қарастырылады да келешектегі салық салу пайдасы кейінге қалдырылған активті қалпына келтіріп беретін мүмкіншілігі бар болған жағдайда ғана мойындалады.

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, 2016 ж. тарифтердің өсуіне байланысты Топ келешектегі болжамды салық салу пайданың сомасын қайта қарастырып, бұрын салық шығындарымен байланысты 545,349 мың теңге сомасында кейінге қалдырылған активті мойындады (23 Ескерту).



## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

*Қосымша құн салығын өтеу (бұдан әрі – «ҚҚС»)*

Әрбір есептік күндегі жағдай бойынша Топ Қазақстан Республикасынан тыс жерде көрсетілген қызметтерден туындаған ҚҚС өтелмейтін сомасына қатысты резервті бағалауды жүргізеді (11-Ескерту). Топ сатып алушыларға ҚҚС қоя алмайды және сәйкесінше ҚҚС бойынша міндеттемелердің келешектегі сомасына қарама-қарсы есепке алу немесе салық органдарынан оларды алу арқылы ғана осы сомаларды сата алады. Топ өз салық бөлімінен алынған ҚҚС бойынша күтілетін міндеттемелер туралы ақпаратты, салық органдарымен хат алмасуды, сондай-ақ оны өтеуге қатысты бастапқы деректерді қарастырады. ҚҚС өтеудің нақты сомасы операциялық нәтижелерге елеулі әсер беруі мүмкін, сонымен қатар Топтың баға сомасына әсер беруі мүмкін.

*Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызмет ету мерзімі*

Топ жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызмет ету мерзімін әрбір есепті кезеңде қарастырады. Активті пайдалы пайдалану мерзімін бағалау экономикалық пайдалану, жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі бағдарламалар, технологиялық жақсарту және өзге де іскерлік жағдайлар сияқты факторларға тәуелді болады. Басшылықтың жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызмет ету мерзімін бағалауын, осы шоғырландырылған қаржы есептілігінде нысандарында тиісті ақпараттардан көре алады.

Топпен қолданылатын пайдалы қызмет етудің бағалау мерзімдері төменде көрсетілген (жылдарда):

Ғимараттар мен құрылыстар	20-45
Көліктер, жабдықтар	10-20
Темір жол көлігі	15-40
Өзге көліктер	5-25
Өзгелер	3-40

*Қазақстандық салық салу жүйесіне байланысты шартты міндеттемелер*

Қазақстандық түрлі заңнамалық актілер мен нормалар әрқашан анық жазыла бермейді және олардың түсіндірілуі жергілікті салық инспекторлары мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ой-пікірлеріне тәуелді болады. Республикалық, аймақтық және жергілікті салық органдары арасында ой-пікірлердің қайшылығы да аз емес. Қазақстандық заңдар, үкімдер мен стандарттардың бұзылғаны жөнінде анықталған жағдайларға қолданылатын айыппұлдар мен өтемпұлдарды есептеу тәртібі өте қатаң. Санкциялар бойынша даулы сома (валюталық реттеуді бұзғаны үшін), сондай-ақ әдетте есптелген салыққа дейінгі соманың 50% мөлшеріндегі айыппұл да тәркіленеді. Өтемпұлдың мөлшерлемесі 13,75% құрайды. Нәтижесінде айыппұлдар мен өтемпұлдар кез келген дұрыс есептелмеген салықтық сомадан бірнеше есе асып кететін сомаларға алып келуі мүмкін.

Топ барлық қолданылатын салықты төледі немесе есептеді деп пайымдайды. Даулы жағдайларда, Топ салық міндеттемелерін басшылықтың негізделген бағалауларының негізінде есептеп отырды. Топтың саясаты сомасы дәл анықталуы мүмкін шығыстардың туындауы мүмкін есептік кезеңде резерв құруды көздейді.

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән екіұштылықтан, салықтың әлеуетті сомасы, айыппұл санкциялары мен өтемпұлдар осы уақыт аралығы және 2016 ж. 31 желтоқсанына есептелген шығыстарға жатқызылған сомадан артып кетуі мүмкін. Орын алуы мүмкін түрлі ұсынылмаған талап-арыздардың сомасын немесе қолайсыз нәтижелердің сомасын анықтап болжау мүмкін емес.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

*Нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеменен алынған несиелер*

Топ ұқсас несиелер үшін нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеменен Акционерден/Соңғы акционерден несиелерді де, сондай-ақ пайызсыз қаржылық көмек алады. Бұл несиелер мен қаржылық көмек бастапқыда қарыз қаражатын тартумен байланысты шығындар қоса есептелген ақша қаражатының әділ құнымен есептеледі. Топ капитал құрамында осы несиелердің әділ құнын ұқсас мерзімдік ұзақ мерзімді әділ құнын (амортизацияланатын құнын) көрсететін құнмен есепке алып, мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің мөлшерлемелерін қолданып есептейді және несиені әділ құнына дейін түзетуді таниды (кейінге қалдырылған сәйкес салықты шегергенде). Ұқсас мерзімдер болмаған жағдайда, Топ көбірек сәйкес келетін нарықтық мөлшерлемені Топ алған несие мерзіміне экстраполяциялайды. Топ қысқа мерзімді несиелер мен пайызсыз қаржылық көмек үшін қаржылық көмек пен осы несиелердің мерзімдеріне сәйкес нарықтық мөлшерлемені қолданады. Бастапқы танудан кейін несиелер мен қаржылық көмек амортизациялық құнмен пайдалы пайыз мөлшерлемесі әдісі қолданылып есепке алынады.

#### 6. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 010 ЖОЛ КОДЫ)

	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Қысқа мерзімді банктегі салымдар, теңгеде	5,190,000	390,000
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты, теңгеде	3,079,680	3,063,799
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты, еуроде	1,064,597	1,014,626
Жолдағы ақша қаражаттары	255,721	169,599
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты, АҚШ долларында	101,093	163,119
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты, ресей рублінде	66,359	19,414
	<b>9,757,450</b>	<b>4,820,557</b>

Банктердің ағымдағы шоттарындағы ақша қаражатына жылына 0.5%-дан 10,5%-ға дейін көбейетін пайыздық мөлшерлемелерге негізделген сыйақы қосылады (2015 ж.: 0,5 – 16%).

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, ағымдағы шоттардағы ақша қаражат 2,518,054 мың теңге сомасымен «Қазақстан Халық банкі» АҚ-да және 1,158,242 мың теңге (2015 ж.: сәйкесінше 2,125,651 мың теңге және 1,323,372 мың теңге) сомасында «Казкоммерцбанк» АҚ-да орналастырылған.

2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сомасы 5,190,000 мың теңге болатын ақша қаражаты 10,5% пайыз мөлшерлемесімен қысқа мерзімге «Қазақстан Халық банкі» АҚ қорына 5 күнге салынды (2015 ж.: «Қазақстан Халық банкі» 390,000 мың теңге, 5 күнге 32% салынды).

#### 7. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТЕР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 016 ЖОЛ КОДЫ)

	2016 ж. 31 желтоқсан	2015 ж. 31 желтоқсан
Өзге ұйымдардың сауда дебиторлық берешегі	862,130	535,584
Өзара байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі (26 Ескерту)	837,320	575,251
Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	179,855	131,371
Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	143,891	159,255
Өзге де дебиторлық берешектер	360,609	223,186
	<b>2,383,805</b>	<b>1,624,647</b>
Күмәнді берешек бойынша резервті шегеріп тастағанда	(340,942)	(323,267)
	<b>2,042,863</b>	<b>1,301,380</b>

**«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

**8. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК  
БАЛАНСТЫҢ 018 ЖОЛ КОДЫ)**

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Қосалқы бөлшектер	758,607	779,395
Шикізат пен материалдар	372,323	345,062
Бланкілер, қағаз бұйымдары	128,823	146,785
Нысанды киім және арнайы киім	123,397	147,435
Жанармай	116,632	135,817
Басқалар	255,491	445,942
	<b>1,755,273</b>	<b>2,000,436</b>
Өтімсіз және тозған қорлар бойынша резервті шегеріп тастағанда	(49,465)	(135,152)
	<b>1,705,808</b>	<b>1,865,284</b>

**9. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК  
БАЛАНСТЫҢ 019 ЖОЛ КОДЫ)**

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Өтелетін ҚҚС	6,589,862	6,323,977
Келешектегі кезеңдердің шығыстары	445,232	134,355
Табыс салығын қоспағанда, салық бойынша алдын ала төлем	306,186	228,391
Берілген қысқа мерзімді аванстар	205,480	73,231
Басқалар	13,364	13,316
	<b>7,560,124</b>	<b>6,773,270</b>
Шегеріммен: өзге де ағымдағы активтер бойынша күмәнді берешек бойынша резерв	(37,171)	(68,665)
	<b>7,522,953</b>	<b>6,704,605</b>

2016 ж. 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша, 6,589,862 мың теңге сомадағы қайтарылуға тиісті ҚҚС қысқа мерзімді активтер ретінде топтастырылды. Тақырыптық салық тексеріс жүргізілуіне байланысты 2016 ж. ішінде жоғарыда көрсетілген сома топқа төленген жоқ. Топ басшылығы берілген активті қысқа мерзімді активтер ретінде топтастырып қор жасаған жоқ, себебі қайтарылуға тиісті ҚҚС сомасы 2017 ж. ішінде қайтарылады деп есептейді.

Басқа да ағымдағы активтер теңгеде көрсетілген.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

10. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАБДЫҚТАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 118 ЖОЛ КОДЫ)

2016 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар қозғалысы келесідей болды:

	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар, жабдықтар	Темір жол көлігі	Басқалар	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
<b>2016 ж. 1 қаңтарына баланстық құн</b>	<b>2,993,686</b>	<b>2,839,601</b>	<b>130,329,667</b>	<b>959,047</b>	<b>2,087,577</b>	<b>139,209,578</b>
Түсімдер	10,901	33,481	-	8,978	34,643,659	34,697,019
Есептен шығу	(4,621)	(434,490)	(1,864,419)	(41,339)	(4,400)	(2,349,269)
Тозу бойынша шығыстар	(144,188)	(524,656)	(6,419,788)	(116,274)	(23,226)	(7,228,1312)
Есептен шығу бойынша тозу	4,621	423,218	1,858,422	41,056	-	2,327,317
Аударулар мен қайта жіктеу	36,288	121,029	29,948,087	9,488	(30,114,892)	-
<b>2016 ж. 31 желтоқсанына баланстық құн</b>	<b>2,896,687</b>	<b>2,458,183</b>	<b>153,851,969</b>	<b>860,956</b>	<b>6,588,718</b>	<b>166,656,513</b>
Құны бойынша	4,400,666	6,668,144	203,600,601	1,896,305	6,631,269	223,196,985
Жиналған тозу мен құнсыздану	(1,503,979)	(4,209,961)	(49,748,632)	(1,035,349)	(42,551)	(56,540,472)
<b>2016 ж. 31 желтоқсанына баланстық құн</b>	<b>2,896,687</b>	<b>2,458,183</b>	<b>153,851,969</b>	<b>860,956</b>	<b>6,588,718</b>	<b>166,656,513</b>

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар, жабдықтар	Темір жол көлігі	Басқалар	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
<b>2015 ж. 1 қаңтарына баланстық құн</b>	<b>2,421,590</b>	<b>2,974,961</b>	<b>114,087,733</b>	<b>822,839</b>	<b>2,220,042</b>	<b>122,527,163</b>
Түсімдер	13,675	145,224	-	15,983	23,690,558	23,865,440
Есептен шығу	(241,163)	(300,620)	(956,078)	(59,680)	(552)	(1,558,093)
Тозу бойынша шығыстар	(143,093)	(600,886)	(6,060,064)	(125,441)	-	(6,929,484)
Есептен шығу бойынша тозу	125,416	164,085	956,078	58,973	-	1,304,552
Ішкі қозғалыс	817,261	456,837	22,301,998	246,375	(23,822,471)	-
<b>2015 ж. 31 желтоқсанына баланстық құн</b>	<b>2,993,686</b>	<b>2,839,601</b>	<b>130,329,667</b>	<b>959,047</b>	<b>2,087,577</b>	<b>139,209,578</b>
Құны бойынша	4,357,748	6,945,902	175,516,933	1,921,464	2,111,613	190,853,660
Жиналған тозу мен құнсыздану	(1,364,062)	(4,106,301)	(45,187,266)	(962,417)	(24,036)	(51,644,082)
<b>2015 ж. 31 желтоқсанына баланстық құн</b>	<b>2,993,686</b>	<b>2,839,601</b>	<b>130,329,667</b>	<b>959,047</b>	<b>2,087,577</b>	<b>139,209,578</b>

2016 және 2015 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың теңгерімдік құны 2,087,867 мың теңгені және 2,252,352 мың теңгені құрайтын негізгі құрал-жабдықтары, сәйкесінше, Аналық компанияның қарыз бойынша кепілді қамтамасыз ету болды.

2016 ж. Компания 638,637 мың теңге (2015 ж.: 878,970 мың теңге) сомасындағы квалификациялық активтер бойынша есептелген сыйақы сомасының қарыздар бойынша капитализациялық шығандарын мойындады.

2016 және 2015 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың толығымен амортизацияланған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарының құны, сәйкесінше 8,137,347 мың теңгені және 7,294,602 мың теңгені құрады.

**«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)  
(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)**

**11. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТЕР, ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ  
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР (ШОҒЫРЛАДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 115  
ЖӘНЕ 123 ЖОЛ КОДТАРЫ)**

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар үшін байланысты тараптарға төленген аванстар (26 ескерту)	21,167,260	38,090,457
Өтелетін қосылған құн салығы (ҚҚС)	14,984,387	12,129,387
Сатып алушылар және тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді берешегі	117,218	137,599
Үшінші тұлғаларға жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар үшін төленген аванстар	-	1,018,133
Басқалар	338,818	491,497
	<b>36,607,682</b>	<b>51,867,073</b>
Шегеріммен: өтелетін ҚҚС бойынша құнсыздануға арналған резерв	(14,984,387)	(12,129,387)
	<b>21,623,295</b>	<b>39,737,686</b>

2016 ж. Компания қосымша құн салығына 2,855,000 мың теңге сомасы көлемінде қор жасады (20 Ескерту), себебі басшылық Қазақстан Республикасының салық заңының нормаларына сәйкес, сонымен қатар кезікпе салықтық тексеріс кезінде жүргізушілер мен мердігерлердің тауарлары, жұмыстары мен көрсеткен қызметтері бойынша қайтарылуы қажет сомалардың расталмау қаупіне байланысты бұл соманың өтелу мүмкіндігі жоқ деп есептейді. Жалпы айналымдағы халықаралық жолаушылар айналымының үлесі тең анықталатын соманың ҚҚС бойынша көтерілуі Қазақстан Республикасының салық Заңнамасына сәйкес қайтаруға жатады.

**12. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТЕР  
(ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 213 ЖОЛ КОДЫ)**

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Байланысты тараптар алдындағы қызметтер бойынша кредиторлық берешек (26 Ескерту)	24,213,675	25,012,494
Өзге ұйымдардың алдындағы сауда кредиторлық берешек	8,616,873	3,097,759
Еңбекақы бойынша ағымдағы берешек	933,699	740,951
Өзгесі	1,552,276	466,526
	<b>35,316,523</b>	<b>29,317,730</b>

Бір-бірімен байланысты тараптар арасындағы кредиторлық берешектің негізгі бөлігі Аналық компанияның магистраль темір жол желісін пайдалану қызметінен тұрады. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ Топ қызметтерінің айтарлықтай маңызды жеткізушісіне жататын компания тобының сауда кредиторлық берешегі 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша (2015 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 24,912,189 мың теңге сауда кредиторлық берешегінен 89%) 24,055,674 мың теңгені (сауда кредиторлық берешегінен 73%) құрайды.

Сауда және өзге де кредиторлық берешек төмендегі валюталармен көрсетілді:

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Теңге	32,810,901	28,160,576
Еуро	2,492,878	1,128,620
Швейцария франкі	11,659	28,534
АҚШ доллары	870	
Өзге валютада	215	
	<b>35,316,523</b>	<b>29,317,730</b>

**«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

**2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

**13. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫ (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ  
216 ЖОЛ КОДЫ)**

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Экологиялық төлем, өндірістік қызметкерлеріне сыйақы резерві	415,422	259,000
Актуралық сыйақы бойынша қысқа мерзімді міндеттемелері (16 Ескерту)	119,655	201,242
	<b>535,077</b>	<b>460,242</b>

**14. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК  
БАЛАНСТЫҢ 217 ЖОЛ КОДЫ)**

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Келешектегі кезеңдердің кірістері	1,553,551	1,340,839
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер	1,267,478	1,342,099
Зейнетақы қорларына және әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар	290,723	221,142
Жеке табыс салығы	225,305	161,826
ҚҚС	198,852	122,653
Әлеуметтік салық	162,205	124,556
Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер	119,099	92,310
Алынған аванстар	78,167	83,078
Корпоративтік табыс салығы	1	11,028
Өзге де салықтар	19,444	13,594
	<b>3,914,825</b>	<b>3,513,125</b>

**15. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ  
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ШОҒЫРЛАДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ  
212 ЖӘНЕ 312 ЖОЛ КОДТАРЫ)**

<b>Компанияның атауы</b>	<b>Пайыздық мөлшерлеме</b>	<b>Өтеу күні</b>	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 жетоқсан</b>
«ҚТЖ» ҰК» АҚ қаржылық көмегі	0	2017 ж. шілде	1,855,169	
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	0.075%-0.75%	2036-2046 жж.	38,039,056	35,560,449
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	1.75%	2035 ж. наурыз	2,706,947	2,568,320
<b>Ұзақ мерзімді несиелердің жиыны</b>			<b>42,601,172</b>	<b>38,128,769</b>
Ағымдағы бөлікті шегергенде:				
Негізгі қарыздың ағымдағы бөлігі			(1,081,842)	(649,277)
Есептелеген сыйақы			(312,676)	(296,201)
«ҚТЖ» ҰК» АҚ қаржылық көмегі			(1,855,169)	-
			<b>39,351,485</b>	<b>37,183,291</b>

Қаржылық міндеттемелер келесідей өтеуге жатады:

	<b>2016 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2015 ж. 31 желтоқсан</b>
Жыл ішінде		
1 жылдан 2 жылға дейін	3,249,687	945,478
2 жылдан 3 жылға дейін	1,851,091	687,236
3 жылдан 4 жылға дейін	2,032,613	1,487,038
4 жылдан 5 жылға дейін	1,887,260	1,703,110
5 жылдан жоғары	1,752,369	1,591,547
	31,828,152	31,714,360
	<b>42,601,172</b>	<b>38,128,769</b>

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЫЛДЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)

(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

2016 ж. шілде айында Компания Аналық компаниямен Компанияның темір жол вагоны жылжымалы құрамының паркін жаңарту мақсатында «Ұлттық экономиканың тұрақтылығы мен бәсекелестікке қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ несиелер беру республикалық бюджеттік бағдарлама аясында 30 жыл мерзімге 5,500,000 мың теңге көлемінде бюджеттік несиелер алғаны туралы келісімге қол қойды. Компания аталған қарызды 7,34% мөлшерінде тиімді пайыздық мөлшерді пайдаланып, нәтижесінде Компания өз капиталын өзгерту туралы есепте көрсетілген 797,393 мың теңге сомасындағы кейінге қалдырылған салықты шегеру тиімділігімен 3,986,964 мың теңге сомасындағы ұзақ мерзімді қарыздың әділ құнына дейінгі түзетулерді мойындады.

2016 ж. ішінде Компания 412,282 мың теңге (2015 ж.: 299,216 мың теңге) көлеміндегі қарыз бойынша есептелген сыйақы сомасының әділ құнына дейін түзетулерді амортизациялау және қаржылық шығындар құрамындағы 1,668,280 мың теңге (2015 ж.: 1,153,935 мың теңге) сомасындағы қарызының әділ құнына дейінгі түзетулер дисконтың амортизациялау тиімділігін байқады.

#### 16. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 316 ЖОЛ КОДЫ ЖӘНЕ ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛДАР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНЫЛҒАН ЕСЕПТІҢ 413 ЖОЛ КОДЫ)

##### Еңбекақыдан міндетті аударымдар

Топ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық пен еңбекақы төлеу бойынша өзге де шығыстар жаратылған түріне қарай шығыстарға жатқызылады. 2016 және 2015 жж. ішінде Топтың әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстары, сәйкесінше, 2,224,339 мың теңгені және 2,181,820 мың теңгені құрады (19 және 20 Ескертулер).

Топ сондай-ақ өз қызметкерлерінің жалақысынан 10% ұстап қалады және олар таңдаған зейнетақы жинақ қорына жарна ретінде аударылады.

##### Сыйақы төлеу жоспары

Еңбек қызметі аяқталған соң қызметкерлерге сыйақы Топ пен оның еңбек ұжымы арасында жасалған 2015-2017 жж. арналған Ұжымдық шарттарға сәйкес төленеді.

2015 және 2016 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Топтың еңбек қызметі аяқталған соң қызметкерлерге төленген сыйақы бойынша міндеттерінің қозғалысы төменде көрсетіледі:

	<u>2016 ж.</u>	<u>2015 ж.</u>
Жыл басындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	2,248,537	2,193,286
Сыйақы құны	146,385	154,726
Қызметтердің ағымдағы құны	92,993	109,059
Жыл іші пайда мен шығын құрамында мойындалған актуарлық пайда	(46,896)	(1,785)
Бір жылда төленген төлемдер	(162,224)	(147,388)
Бұрынғы қызметтердің құны	(240,529)	116,059
Басқа жиынтық кірісте мойындалған актуарлық қайта бағалау	(415,467)	(175,420)
Жыл соңындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	<b>1,622,799</b>	<b>2,248,537</b>
Өтеу мерзімі бір жылдың ішінде келетін міндеттемелерді шегеру (13 Ескертпе)	(119,655)	(201,242)
